жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс –шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен

Scanned with CamScanner

бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған.

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспарына, айлықтардың, мемлекеттік және ұлттық мерекелердің, атаулы күндер мен каникул күндерінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуі негізінде патриоттық сананы қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпы адамзаттық қасиеттердің негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру

Біріншібағыт-«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тытәрбиелеу,құқықтық тәрбие» бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2021-2022 оқу жылының 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Кел,балалар,оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылып, биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі болып табылатын «Әліппе» пәні енгізілгендіктен оқулықтар салтанатты түрде табыс етілді.

Білім күніне орай мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 класс бүлдіршіндері «Кел балалар оқылық» атты тақырыпта салтанатты жиында мектеп директоры А.А. Нургалиева ұстаздар мен ата-аналарды, оқушыларды атаулы мерекемен құттықтап, мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіндерге ақ тілегін жолдады. Жиын барысында 1 сынып бүлдіршіндері білім күніне арналған өлең шумақтарын тамылжыта айтып, алғашқы қоңырау соғылды. 1 қыркүйек – Білім күніне орай 1-9 сыныптарды «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыпта алғашқы **тәрбие сағаттары өткізілді**.

Тәрбие сағаты барысында класс жетекшілері оқушыларды білім күні мерекесімен құттықтап тәуелсіз еліміздің жетістіктерін насихаттап, патриоттық тәрбие берді.Оқушылар да патриоттық тәрбие сағатына белсене қатысып өз ой пікірлерін ортаға салды,бастауыш сынып оқушыларының ата-налары тәрбие сағаттарға қатысты.2-9-кластарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық сынып сағаттары өткізілді. “Ата Заң –Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі” тәрбие сағаттары 5- 9 сыныптар арасында өткізілді. “Абайлаңыз балалар! ”атты тақырыбында жолда жүру апталығына орай 1-4 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізіліп, көрнекіліктер арқылы түсіндіру жұмыстары өткізілді. . «Қауіпсіз интернет» 1-9сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық мерей тойына орай өткізілген іс шаралар анықтамасы. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі қарсаңында тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен түрлі тақырыпта кластан тыс іс шаралар өткізілді. Шаралар конференция дебат ,семинар танымдық сабақ үлгісінде Алаш арыстарын ұлықтауға халқына адал қызмет етуге халқының тегі мен тарихын білуге рухы мықты азаматтық дәріптеуге қалыптастыру болатын. **«Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбындағы тәрбие сағаттары.**Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерей тойын атап өтуге арналған мектепішілік іс шаралар жоспарына сәйкес 1-9 сыныптар аралығында «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушылардың елін жерін сүюге Отанын қастерлеуге үйрету.Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету.«9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне» орай әр класта ерлік сағаттары мен тақырыптық « Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс»тәрбие сағаттары жүргізілді.

Екінші бағыт –Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты

«Оқуға құштар мектеп» атты жоба жыл бойы 1-9 класс оқушыларымен және ата-аналармен, мектеп ұстаздарымен түрлі іс-шаралар өткізілді. Кітап ең сабырлы ұстазың» тақырыбында челенджер ұйымдастарылды

Scanned with CamScanner

«Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар « Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік қауіпті көрініс» атты тәрбие сағаттарын жүргізілді

Үшінші бағыт-«Ұлттық тәрбие бағыты бойынша

Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі», «Тіл ғұмыры - ұлт ғұмыры» конференция «Ұлт болудың негізгі шарты-ұлттық тіл» сыныптан тыс іс шара**«Тіл ұлттың жаны»**тақырыбындағы тілдер апталығының ашылуы өтті. «Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын қуатты тіл.» деген ұлағатты сөз қалдырған қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туған күні.Барша Қазақстандық қазақ әліппиінің негізін салған ғалымның туған күнінде тілдер мерекесін тойлады. Апталықтың ашылу салтанатына мектебіміздің тіл мамандары мен оқушылары белсенділік танытты.

" Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру мақсатында мектепішілік бес тас ойыны ұйымдастырылды. Оқушылар бес тас ойын түріне қызығушылықпен қатысты.

Алғыс айту күніне орай мерекелік іс-шаралармен қатар мектептің кіші қызметкерлеріне алғыс айту іс-шарасын Жас ұлан ұйымы қйымдастырды. 14-наурыз көрісу күніне орай іс-шаралар өз деңгейінде өткізілді.

Қош келдің,әз наурыз!» атты мектепшілік іс шараның өткізілді

Іс шараға арнайы халқымыздың салт-дәстүрін, әдет –ғұрпын оқушылар арасында насихаттау,наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету мақсатында 40 минуттық қойылым ұйымдастырылды.спорт зал безендіріліп,

Қойылымға Жас ұлан ұйымы мен Адал ұрпақ ұйымының оқушылары қамтылып, жоғарғы деңгейде қойылымды өткізді.Қойылымға ат салысқан әр оқушы мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды.

«Қош келдің ӘЗ НАУРЫЗ!» атты 22 Наурыз – Ұлыстың Ұлы күні(Мерекелік іс шара,құттықтаулар,қабырға газеттері)«Ұлттық мұраның бай қазынасы ұлттық ойындар» ұлттық ойындардан жарыс«Асыл әжем» байқауы ұйымдастырылды.

Төртінші бағыт-Отбасылық тәрбиесі бағыты

«Өз балаңа үлгі бол» 1 класс ата-аналарына класс жетекші мен мектеп психологы семинар тренинг өткізді.

Отбасы- бақыт мекені» атты апталық өткізілді. Апталық барысында мектеп оқушылары арасында «Мен бақытты баламын » атты флеш-моб пен сурет байқауы өткізілді. Апталықтың қорытынды есебі бойынша **«Отбасы – бақыт мекені»** тақырыбында отбасылық мерекелік концерт өткізіліп, іс-шараға оқушылар ата-аналарымен шығып, өнер көрсетті.

«Отбасы бақыт мекені» атты іс-шаралар жоспары бекітіліп жоспарға сәйкес шаралар өткізілді. «Әкешім асқар тауым» волейболдан әкелер сайысы өтті.

Бесіншібағыт-Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие. «Күз кереметі»және «Үздік жаңа жылдық ойыншықтар» көрме ұйымдастырылды. «Мамандық таңдау күрделі іс» тақырыбында 5-9 класс аралықтарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

«Ата анамның бір күндік жұмысы» экскурсия ұйымдастырылды.

Алтыншы бағыт – Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие

«Мерекелеріңізбен –Ұстаздар» тақырыбында мектепшілік іс-шаралар өткізілді

Жаңа Жыл 2022» (Мерекелік іс-шаралар), «Ертегі еліне саяхат» сахыналық көрініс, «Менің әлемім сұлулықтың әлемі» сурет байқауы, «Төрт түліктің қасиеті» атты бастауыш кластарының арасында қойылымдар ұйымдастырылды.

1 мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні қарсаңында**«Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан»** 1-9сыныптарда бірлік сабақтары өткізілді.

Жетінші бағыт-Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі:«Қауіпсіз интернет» 5-8 класс оқушыларына танымдық сағаттары өткізілді. **«Болашақ»** атты дебат клубының жылдық жұмыс жоспары жасалып, жыл бойы жоспарлы жұмыстары жүргізілді.

Сегізінші бағыт-Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы! Тақырыбында 1-9 сыныптарға тәрбие сағаттары өткізілді. «Мен салауатты өмірді қолдаймын» сурет салу көрмесі жүргізілді «Әкешім асқар тауым» волейболдан әкелер сайысы ұйымдастырылды.

Scanned with CamScanner

2022-2023 оқу жылындағы жұмыстаржалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға 2022-2023 жылы оқу жылында арналған жылдық тәрбие жоспары, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім мен ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі№145 бұйырығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қ.Р Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы облыстық білім басқармасының 19.08.2019 жылғы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2019-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасын басшылыққа алып негізінен 8 бағытта жасалды. Тәрбие жоспарында сабақтастық тұтастық жүйелілік қағидалары сақталған. Әр бағытты жүзеге асыруда іс-шаралар жоспарланған. Сонымен қатар іс- шаралардың ұйымдастрыу нысандары мен әдіс-тәсілдері мектеп оқушыларының өз ерекшеліктері мен тәжірибесіне байланысты көрсетілген.Ақтөбе облысында жастар мен балаларға тәрбие берудегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясы , ҚР «Білім туралы Заңы», Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие беру концепциясы, «ҚР-ның бала құқығын қорғау» , «Балалар құқығы» Концепциясы, «Діни қызмет діни бірлестік ҚР», «Неке және отбасы», «ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда : өсім, реформалар, даму»Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы ; Қазақстан Республикасының «Жасыл экономика» көшу жөнінде 2013-2020 жылдар арналған тұжырымдама; Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары»; Қазақстан-2020: болашаққа жол ҚР мемлекеттік жастар саясаты 2020 тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынады.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобалары енгізілді.

Бірінші бағыт-«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тытәрбиелеу,құқықтық тәрбие

1 қыркүйек Білім күніне орай «Біліге ұмтылу,еңбек сүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жыйын және барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағатына қонақтар шақырылып тақырып аясында мәліметтермен бөлісілді.

Білім күніне орай ұйымдастырылған сабақтар мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының белсендерін тағайындап «ЖасҰлан» ұйымының кеңесі құрылды. Сонымен бірге«Зорлық зомбылықсыз бақытты балалық шақ» атты тәрбие сағаттарын өткізілді.

16- желтоқсан –Тәуелсіздік күніне орай«Патриотизм ұлттық рухтың асқақ белгісі» атты тәрбие сағатын өткізіліп «Тәуелсіздік бабалардың ұраны» тақырыбындағы тәрбие сағаттары жоғары деңгейде өтті. “Жас Ұлан” және “Жас Қыран” бірыңғай балалармен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын- алу басты міндет" апталық аясында

8-11 класс ер балаларымен мектепішілік бақылау есебінде тұрған оқушыларымен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында педагогикалық-психологиялық тұрғыдан профилактикалық отырыс өтті. «Бала құқығы адам құқығы» тәрбие сағаттары 1-9класстар аралығында жүргізілді.

Екінші бағыт –Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты

«Мектепке жол» акциясынан басталып, мектеп жасындағы оқумен толық қамту тапсырмасын іске асыру мақсатында 01 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалпы оқу және

Scanned with CamScanner

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүргізілді. Акцияға ауыл және аудан кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер белсене қатысты . Акция аясында жаппай оқыту білім беру қорынан көмек қажет ететін отбасылар бойынша 12 оқушыға оқу құралы, мектеп формасы, сөмке, аяқ киіммен қамтамасыз етілді.
1 қазан-Қарттар күні мерекесіне орай " КӨП ЖАСАҒАН ҚАРИЯ-АҚЫЛЫ КЕНШІ ДАРИЯ" атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылды.Шараның қонақтары болып зейнеткер ата-аналар мен ардагер ұстаздар шақырылды.
Шара барысында әжелер бас қосып қоғам тәрбиесі жөнінде ой қозғап, ұрпақ тәрбиесіндегі әженің тағылымы, бесіктен басталатын тәрбиенің әлдиі жөніндегі тақырыпты терең тарқатып, шара соңында ауылдың алты ауызы ретінде әлди әнін үлкен толғаныспен орындады. Мереке қарсаңында қонақтарға гүл шоқтары тарту етілді.
«Еңбек ардагері ел құрметтісі» атты қарттар күні мерекесіне орай мерекелік іс-шара және тәрбие сағаттары өткізілді
Ұстаздар күні» мерекесі аясында мектепішілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері ұстаздарды құттықтау мақсатында мерекелік ашық хаттар жасап құттықтады. «Дублер күні» ұйымдастырылып, оқушылар мұғалімдер орнын алмастырды.
Мектептегі «Оқуға құштар» жобасының іске асырлуы мақсатында
Көркем әдебиеттерге деген оқушылар қызығушылығын арттыру барысында «Қыста оқимыз» тақырыбында кітап оқу ұйымдастырылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасын енгізу(20 минуттық кітап оқуды және кітап бұрыштарын үзілісте ұйымдастырылды)
Үшінші бағыт-«Ұлттық тәрбие бағыты бойынша
«Қош келдің НАУРЫЗ» атты мектепішілік наурыз мерекесі тойланып, салт дәстүрлер, әдет ғұрыптар, ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындардан жарыстар, көрмелер түрлі іс шаралар өткізілді. 15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасы-өмір аясы!» атты фотосуреттер көрмесі» ұйымдастырылды

Төртінші бағыт-Отбасылық тәрбиесі бағыты«Отбасы – бақыт мекені» апталық жұмысы дәстүр бойынша мектебімізде өткізілетін алғашқы апталық жұмыстардың бірі болуда. Осы апталық аясында мектебіміздің жұмыстарына ата-аналар қауымы белсенді түрде қатысады. Барлық сыныптарда ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында түрлі шаралар өткізді.
8 наурыз мерекесіне орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда аналар, әжелер, жеңгелерді қонаққа шақырып ашық тәрбие сағаты өтті. 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай аналарға арналған мерекелік кештер ұйымдастырылды.
Бесінші бағыт-Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие«Менің ЭКО - ізім» ерте жастан экологиялық мәдениетті қалыптастыру сынып сағаттары«Еңбек елдің мұраты», «Қолөнер көрмесі, шеберлер көрмесі, Түлектермен кездесу кеші өткізілді.
Кәсіби саладағы табысты адамдардың өмірі мен қызметі жайында таныстыру
Алтыншы бағыт – Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие
Балалар және театр жобасы аясында төмендегідей тақырыптарда қойылымдар өткізілді. «Бота және оның достары», «Аю мен маса» ертегісінен қойылым
«Кел жаңа жыл ортаға»Мектебімізде 1-9 сыныптар арасында жаңа жыл мерекесіне орай "Төрлет, Жаңа Жыл" мерекелік ертеңгілігі ұйымдастырылды. Мерекелік ертеңгілікке ертегі кейіпкерлерлері қатысып Балалар асыға күткен Аяз ата мен Ақшақарды күтіп алып, дайындаған өнерлерін көрсетіп, сыйлықтар алды.
Жетінші бағыт-Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
«Болашақ » атты дебат клубының жылдық жұмыс жоспары жасалып, жыл бойы жоспарлы жұмыстары жүргізілді.
«Заман ойшылдары» дебаттық клубының ұйымдастыруымен тарих апталығы аясында **«Алаш зиялылары тарихтан өз бағасын алды»** тақырыбында мектепшілік турнир өткізілді.. Оқушылардың ой ұшқырлығы бағаланды. Құндылықтар дәріптелген қызықты ойын болды.

Scanned with CamScanner

«Тәрбиенің іргетасы отбасында қаланады» атты тақырыбында мектепшілік турнир өткізілді. Фракциялар арасында тартысты ойын болды. Рухани , отбасылық , адами құндылықтар дәріптеліп, қазіргі өмірден көптеген шынайы мысалдар келтірілді. Жас буын оқушылар өздерінің білімдерін ортаға салды. Мектепшілік турнирге 6 – 7 класс оқушылары қатыстысып жақсы ойын көрсете білді.

«Болашақ жастардың қолында» тақырыбында мектепшілік турнир өткізілді. Үкімет және оппозиция фракциялары тартысты ойын көрсете алды. Қазақстан Республикасының ұлттық құндылықтары дәріптелді. Мемлекетіміздің болашағы жарқын болуы жастарға тікелей байланысты екендігі айтылды. Оппозиция фракциясы тарапынан да жақсы қарсылық көрсетілді

Сегізінші бағыт-Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты

"Салауатты ұлт-салауатты ұрпақ" атты мектепшілік тоғызқұмалақ жарысы өткізілді.Денсаулық фестивалі" аясында 7-9класс оқушылары арасында спорттық іс-шара ұйымдастырылды.«Зиянды заттарға жол ЖОҚ!»

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған мектепішілік волейболдан ерлер арасында жарысТәуелсіздіккүніне орай мектепішілік спорттықжарыстар ұйымдастырылды.

Бес тас ойынынанмектепішілікжарысы өтті. «Спорт-біздіңсерігіміз»Қыста талай қызық бар спорттық іс шаралар өтті Мектеп оқушыларының денсаулығын нығайту мақсатында күнде таңғы жаттығу жұмыс жүйелі түрде өткізіліп келеді.

ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУКүз мезгілі - күн салқындап, ылғалды ауадан түрлі вирус таяқшаларының көптеп таралып, адамдар арасында тұмау ауруының белең алатын кезеңі.Мектептің медбикесі Ж.Қожахметова ұжым мүшелерімен тұмаудан сақтану жолдарына тұсіндірме жұмыстарын жүргізд.

Тәрбие бағытында жүргізілген жұмыстар және тәрбие сағаттары жинақталған. Мектепішілік дөңгелек үстелдер, кездесулер, «Ашық есік» күндері өткізілді. Нашақорлыққа қарсы күрес мәдениет қалыптастыру мақсатында мектепішілік ұйым құрылған және жүргізілген іс-шаралар жинақталған. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру және тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасына сай бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар, мектеп оқушыларының пәндік үйірме, спорттық секцияларға оқушылардың қамтылуы, жолда жүру ережесін сақтау, салауатты өмір салты жұмыстарының жүргізілгені жоспардан көруге болады. Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы жұмыс жүргізілген. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі аясында мектепішілік «Жас ұлан» бірлестігі жұмыс атқарады.

Сынып жектешілер, психолог аға тәлімгер мен бірлесе отырып оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру, актілеу жұмысы жүргізілген. Сабаққа қатыспаған оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Кәмелет жасқа толмағандар арасында ІІБ есепке тіркелген балалар жоқ. Жасөспірімдер арасында жасалған бұзақылық, қылмыстық іс тіркелмеген.

2020-2021,2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Есепке алу түрлері	2020-2021	2021-2022	2022-2023
	Есепке алынды	Есепке алынды	Есепке алынды
Мектепішілік бақылау	-	-	-
ІІБ есепте	-	-	-
Нарколог есебінде	-	-	-

Scanned with CamScanner

“Қауіпті топ”	-	-	-
Сәтсіз отбасы	-	-	-
Дін жолында жүрген	-	-	-
Суицид фактілері	-	-	-

Өткізілген іс-шаралар уақытылы Абай негізгі мектебінің инстарамм әлеуметтік желісінде 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап жарияланып отырылды. Әлеуметтік парақша http://abai_school.cr/

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 3-тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 15-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 16-тармаққа сәйкес келеді.

4.білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртомендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2020-2021 оқу жылында 5-9сыныптар аралығында «Ән көңілдің ажары»,6-9 сыныптар бойынша тенис,1-5сыныптар аралығында ұлттық ойындар және жас эколг,туризм үйірмелері жұмыс жасады жәнеосы үйірмелермен қатар негізгі лауазымдық қызмет ақы негізінде қосымша ұлттық ойындар тоғыз құмалақ жіне валибол үйірмелері жұмыс жасады.үйірмемене мектеп бойынша100% пайыз қамтылды .**2021-2022 оқу жылы бойынша жұмыс**

, Ұлттық ойындар, ,спорттық ойындар үйірмелерімен қатар қызмет ақы негізінде қосымша ұлттық ойындар тоғыз құмалақ жіне валибол үйірмелері жұмыс жасады.үйірмемене мектеп бойынша100% пайыз қамтылды.

2022-2023 оқу жылдарыТенис, Ұлттық ойындар, валибол тоғыз құмалақ.шахмат үйірмелерімен қатар қызмет ақы негізінде қосымша ұлттық ойындар тоғыз құмалақ жіне валибол үйірмелері жұмыс жасады.үйірмемене мектеп бойынша100% пайыз қамтылды

Талдау нәтижелері: 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабақтан тыс жұмыстардың кестесі жасалған.

БЕКІТЕМІН:
Абай негізгі мектебі
директорының м.а. Эльмурзаев А.И


Келісемін:
Мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары: Уразалина Г.Б

Үйірмелер кестесі

2022-2023 оқу жылы

№	Үйірме атауы	Аптаның күндері						
		Бс	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	Жауапты
1	Тенис	5-9	15⁰⁰-16⁰⁰ 16¹⁰-17¹⁰	15⁰⁰-15³⁰ 16⁰⁰-17¹⁰	15⁰⁰-16⁰⁰ 16¹⁰-17¹⁰		15⁰⁰-16⁰⁰ 16¹⁰-17¹⁰	Кажигалиев С.А
2	Ұлттық ойындар	1-4		15⁰⁰-16⁰⁰ 16¹⁰-17¹⁰		15⁰⁰-16⁰⁰		Молшылық К.М
3	Валибол	5-9	16¹⁰-17³⁰	17¹⁵-18¹⁵	17¹⁵-18¹⁵			Кажигалиев С.А
4	Тоғыз құмалақ	5-9				16¹⁰-17:³⁰		Молшылық К.М
5	Шахмат	5-9	15⁰⁰-16⁰⁰				15⁰⁰-16⁰⁰	Эльмурзаев А.И

Scanned with CamScanner



Үйірмелер кестесі
2021-2022 оқу жылы

№	Үйірме атауы	Сынып	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	Жауапты
1	Теннис	5-9	15^{00}-18^{00} 15^{00}-16^{00}	15^{00}-18^{00} 15^{00}-16^{00}	15^{00}-18^{00} 15^{00}-16^{00}			15^{00}-18^{00} 15^{00}-16^{00}	Кажгалиев С.А
2	Ұлттық ойындар	1-4		15^{00}-18^{00} 15^{00}-16^{00}			15^{00}-18^{00}		Молшылық К.М
3	Спорттық ойындар	5-9	16^{00}-17^{00}	16^{00}-17^{00}	16^{00}-17^{00}				Кажгалиев С.А
4	Ауыл жастары Волейбол	-	20^{00}-23^{00}	20^{00}-23^{00}	20^{00}-23^{00}	20^{00}-23^{00}	20^{00}-23^{00}		Кажгалиев С.А Молшылық К.М



02.09.2020 жылғы №13/1 бұйрығына қосымша

Үйірме және спорттық секция кестесі
2020-2021 оқу жылы

№	Үйірме атауы	Апта күндері							
		Сынып	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жауапты
1	Ұлттық ойындар	1-5		15^{00}-15^{00} 15^{00}-16^{00}			15^{00}-15^{00} 15^{00}-16^{00}		Молшылық К.М
2	Теннис	6-9	16^{00}-17^{00} 17^{00}-18^{00}	15^{00}-15^{00} 15^{00}-16^{00}	15^{00}-15^{00} 15^{00}-16^{00}	16^{00}-17^{00}	15^{00}-15^{00} 15^{00}-16^{00}		Кажгалиев С.
4	Ауыл жастары		19^{00}-21^{00}	19^{00}-21^{00}	19^{00}-21^{00}	19^{00}-21^{00}	19^{00}-21^{00}	19^{00}-21^{00}	Молшылық К
4	«Футбол»	5-9						10^{00}-10^{00} 10^{00}-11^{00}	Молшылық К

4.4.білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2020-2023 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында бағытында *сабақтан тыс мектепте спорттық, көркемдік-эстетикалық,дебаттық үйірмелер* жүргізілген.Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген.Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған.
Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепішілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%
2020-2021	39	100%	7	17%
2021-2022	46	100%	5	10
2022-2023	39	100%	4	10%

Scanned with CamScanner

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:

Үйірмелер, секция, клубтар	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Спорттық	Тоғыз құмалақ 2-орын (жоғары класс) Тоғызқұмалақ (бастауыш) Алғы схат	-	-	-
Теннис	3-орын	-	-	-
Дебат	Алғыс хат	-	-	-
БАРЛЫҒЫ	4	-	-	-

Алғыс хат «Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығынва арналған «Қазақстанның болашағы –жастардың қолында» атты аудандық онлайн пікірсайсыс турниріне белсене қатысқаны үшін алсғыс хат2020- 2021 оқу жылы .Хромтау аудандық

жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған тоғызқұмалақ турниріне қатысып мектеп оқушылары алғыс хатпен марапатталды,

Қорытынды:2020-2023 жылдар аралығында мектепте үйірмелерге қатысушы балалар әртүрлі жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп отырады

8."Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру;

Талдау нәтижелері: «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 2020-2021, 2021-2022 2022-2023 оқу жылдары жүргізілген. **2021-2022 оқу жылы** бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды; және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілді.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы-3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2 тарауы 25 тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі.Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда (дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерііске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту минстрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4 тарауы 56 тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі негізде жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағыс № 348 бұйрығының 4-қосымшасы 4 тарауы 50 тармағына сәйкес. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 56-тармаққа, 4- қосымша 4-тарау 50-тармаққа сәйкес келеді.

Scanned with CamScanner

9."Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;

Талдау нәтижелері:"Жолда жүру ережелері" оқу курсы 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары жүргізілген. Курс мазмұны 1-4-сыныптарда әр бір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілері тақырыптарын көрсете отырып іске асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілді. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8- сыныпар алығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілді. Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі сынып журналдарында берілді. 2020-2021, 2021-2022,2022-2023 оқу жылдарында сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда жүргізілген. "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілген.

2022-2023 оқу жылында "Жолда жүру ережелері" оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес жүргізілуде. Қыркүйек айында: 1-сыныптарда «Көше күтпеген оқиғаларға толы», 2-сыныптарда «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», 3-сыныптарда «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», 4-сыныптарда «Жолда жүру ережелерін білеміз бе?», 5-сыныптарда «Біздің қала(ауыл), аудан», 6-сыныптарда «Жолда жүру ережелері (қайталау)», 7-сыныптарда «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», 8-сыныптарда «Жол жүру 23 ережесінің пайда болуы. Жол белгілерінің халықаралық тілі» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Қазан айында: 1-сыныптарда «Жаяу жүргінші өтпелері», 2-сыныптарда «Реттелмейтін жол қиылыстары», 3- сыныптарда «Қай жерлерден жолдан өтуге болмайды», 4-сыныптарда «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері», 5-сыныптарда «Жол таңбаларының белгіленуі», 6-сыныптарда «Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары», 7-сыныптарда «Көлік құралдарын пайдалану ережелері», 8-сыныптарда «Қозғалысты реттеу нысандары» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға Қосымша білім беру бөліміне толтырылды.

Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік аппаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жас өспірімдердің әртүрлі оқиларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды.

Сынып жетекшілер «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Қауіпсіз жол», «Жол жүру ережесі», «Жол ережесінің қауіпсіздігі», «Жол тәртібін жадында ұста!», т.б. тақырыптарда сынып сағаттарын өткізді.

.

«Тиым салынатын белгілер» «Жол таңбалары» тақырыбы бойынша 1 сынып оқушыларына жол ережелері туралы видеороликті көрсетті. Жолда жүру ережелерін көшеде қатаң сақтаңдар, жол белгілерін жаттап алыңдар деп қатаң ескертті.

«Абайла, жаяу жүргінші!» тақырыбында сурет көрмесі 1- 4 сыныптар аралығында ұйымдастырылды.

Мектебіміздің тәлімгері «Жаяу жүргіншілерге арнау» үнпарақтарын таратты.

«Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жарақатынан сақтандыру» тақырыбы бойынша Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету, жол белгілерінің түрлерін ажырата білуге баулу мақсатында 8 сынып оқушыларымен «Жол жүру қауіпсіздігі – өміріміздің кепілі!» атты тақырыпта сайыс сабағын ұйымдастырса, 7 сынып оқушыларымен «Жол ережесін есте сақта» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Ал 9 сынып оқушыларымен «Мектепке барар қауіпсіз жол!» тақырыбы бойынша түсіндіру сабағын жүргізді.

Scanned with CamScanner

3-6 сыныптарда да «Жол ережесін сақтау-қауіпсіздік кепілі», «Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік», «Жаяу жүргінші – назар аудар!» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні , жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі»мүқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті екенін әр сынып жетекші оқушыларға түсіндірді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26-тармаққа, 3-қосымша 2-тарау 38-тармаққа сәйкес келеді.

4.10.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1.Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

Талдау нәтижелері: Жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған.

2021-2022 оқу жылын зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 27 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан, жалпы орта білім беруде 39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған

2022-2023 оқу жылын зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 27 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан, жалпы орта білім беруде 35 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылын зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 27 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан, жалпы орта білім беруде 39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 28-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 40-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 30-тармаққа сәйкес келеді.

2.Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Талдау нәтижелері: 2021 -2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілді. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалды. Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталған. Білім беру ұйымы таңдаған үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған.

Scanned with CamScanner

2021-2022 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – апталық 22,5 сағат, 2-сыныпта – 24 апталық сағат, 3-сыныпта – 27апталық сағат, 4-сыныпта – 27апталық сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 31 сағат, 6-сыныпта – апталық 31 сағат, 7-сыныпта – апталық 34сағат, 8-сыныпта – апталық 35 сағат, 9-сыныпта – апталық 36 сағат. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – апталық 19,5 сағат, 2-сыныпта – 24 апталық сағат, 3-сыныпта – 26 апталық сағат, 4-сыныпта – 26 апталық сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 28,5 сағат, 6-сыныпта – апталық 28,5 сағат, 7-сыныпта – апталық 32,5 сағат, 8-сыныпта – апталық 32,5 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-сыныпта – апталық 19,5 сағат, 2-сыныпта – 24 апталық сағат, 3-сыныпта – 26 апталық сағат, 4-сыныпта – 26 апталық сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 28,5 сағат, 6-сыныпта – апталық 28,5 сағат, 7-сыныпта – апталық 32,5 сағат, 8-сыныпта – апталық 32,5 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41,42-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 31,32-тармаққа сәйкес келеді.

3.сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар жоқ.

Талдау нәтижелері:2021 – 2022, 2022– 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарында инвариантты және вариативті компонент бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы болмады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 31-тармаққа, 3-қосымша 3-тарау 45-тармаққа сәйкес келеді.

4.12.сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 4-тарауы 1 параграфына сәйкес « Абай негізгі мектебі» КММ шағын жинақталған мектеп болып табылады.

Мектепте топтарға бөліп оқыту жүргізілмейді.

Қорытынды: 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдары инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар жоқ, мектепте топтарға бөліп оқыту жүргізілмейді.

Scanned with CamScanner

15-тармақ Оқу мерзіміне олшемшарттар:

15.1.тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізіндеоқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған. Мектеп директорының бұйрығымен 1- сыныпқа қабылдау оқушылар жинақталған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған. Оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырды. Оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен оқушы 1- сыныпқа оқушылар қабылданды. Білім беру ұйымының аумағында тұратын барлық балалар қабылданып, сынып жинағы қалыптастырылды. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған.

2023-2024 оқу жылының басында 38 оқушы. Қазіргі таңда мектепте 37 оқушы білім алуда. Бастауыш білім берудің деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл, Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл, Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 46,47- тармақ, 3-қосымша 5-тарау 62,63- тармақ, 4-қосымша 5-тарау 56,57- тармаққа сәйкес келеді.

15.2 Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

Талдау нәтижелері:Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген. 2021-2022 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 25 мамырда аяқталды. Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын,2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Ағымдағы оқу жылы 36 апта.

«Орта білім беру ұйымдарында **2021 - 2022** оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 бұйрығы 1) 2020 - 2021 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек; 2) оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық сыныптарында – 32 оқу аптасы, 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11- сыныптарда – 34 оқу аптасы. 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында) берілу талабы орындалған.

2022-2023 оқу жылы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығын басшылыққа ала отырып күн тәртібінде қаралған, хаттамаланған. 1) 2022 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек; 2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы; 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-қарашаны қоса алғанда), қысқы – 11 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпанды қоса алғанда). 2-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут берілген. Барлық сыныптарда оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығының талаптары сақталды.

Scanned with CamScanner

2023-2024 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 25 мамырда аяқталды. Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын,2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Ағымдағы оқу жылы 36 апта.

«2023 - 2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие прцесінің ерекшеліктері туралы»2022жылғы 3 тамыздағы№348 1) 2023 жылғы 1 қыркүйек,аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді. 2) оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық сыныптарында – 32 оқу аптасы, 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11-сыныптарда – 34 оқу аптасы. 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7күн (30қазаннан бастап-5қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында) берілу талабы орындалған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 5-тарау 48,49- тармақ, 3-қосымша 5-тарау 64- тармақ, 4-қосымша 5-тарау 58- тармаққа сәйкес келеді.

5.Оқу-материалдық активтер

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

5.1.Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).

Мектеп 320 орындық, 2 қабатты типтік жобада салынған,Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылы, Мектеп көшесі, №17 ғимарат
орналасқан, мектеп ғимараты 1985 жылы Ғимараттардың жұмыс алаңы 1962ш.м құрайды. Жалпы 8 кабинет және 1 шеберхана бар.

Олардың ішінде паспортталғаны физика кабинеті –1, биология кабинеті –1, информатика кабинеті – 1, қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті –1, бастауыш сынып кабинеттері –3, ағылшын кабинеті-1,медициналық (пункт) –1спортзал - 1, асхана-1, кітапхана–1

Пән кабинеттерінің жалпы ауданы:

№	Кабинет атауы	Кабинет нөмірі	Кабинет аумағы
1	Бастауыш сынып	№1	13,5 м^2
2	«Бәйтерек» шағын орталығы	№4	64,0 м^2
3	Бастауыш сынып	№3	13,3 м^2
4	Қазақ тілі	№ 5	17,1 м^2
5	Информатика	№ 6	26,1 м^2
6	Ағылшын тілі	№ 7	13,1 м^2
7	Бастауыш сынып	№2	17,1 м^2
8	Биология	№8	13,3 м^2
9	Физика	№9	26,1 м^2

Мектепке 2008 жылы физика кабинеті (құны-3 000 000 теңгеге), Информатика кабинеті бар. Онда 11 дана оқушылар қолданатын және 1 дана мұғалімге арналған компьтермен,1 интер тақтамен қамтылған. Компьютерлер интернет желісіне қосылған. Мектеп спортзалының жалпы алаңы 146.3м^2

Түрі көрсетілген техникалық оқыту құралдарының, оқу және оқу-зертханалық жабдықтардың тізбесі әдістемелік ұсынымның 9 – қосымшасы бойынша мәліметтер ұсынылған. Мектепте № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы талапқа сәйкес.Әлеуметтік-тұрмыстық үй жайы ішкі дәретханалармен, су жабдықтарымен, санитариялық тораптармен талапқа сәйкес жабдықталған. (унитаздар саны-2, қол жуғыштар саны-1).

Scanned with CamScanner

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 27-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 39-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 29-тармаққа сәйкес келеді.

5.3.Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтері:

Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Медициналық кабинет бар. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетіледі. Ақтобе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Хромтау аудандық ауруханасы» КММ тарапынан келісім шартқа отыру арқылы ауылдағы ФАП медбикесі медициналық кабинетке келіп медициналық қызмет көрсетеді.

Медициналық кабинет қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған.

Медициналық кабинетте дәрілер салатын құрал- жабдықтарға арналған шкаф, 1 кушетка, 1 ширма, бикс-2, мед. таразы,тоңазтқыш-1 т.б құралдар бар. Медициналық кабинетте қажетті алғашқы жәрдем көрсететін дәрі-дәрмектері бар. Кабинетте балаларды есепке алу (переписи) журналы, екпенің жылдық (сандық) журналы бар.

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер
«Абай негізгі мектебі» ***(2023-2024оқу жылы жагдай бойынша)***

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Абай ауылы,Мектеп 17	№10387DD 19.11.2019 ж	Ақтобе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Хромтау аудандық ауруханасы» КММ тарапынан келісім шарт 2017ж.05.01 №02-16 П

:

5.4. edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер.

Абай негізгі мектебінде **edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атау** қалыптастырылған.(«Өнім беруші», «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы, 27.01.2022ж №16-01\1037-и Домендік атауды тіркеу бойынша қызметтер көрсету шарты)

Мектеп сайт атауы: abai.school-cr.kz

Электрондық пошта: abaiosh@mail.ru _электронды почтасы жұмыс жасап тұр.

5.6. ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер.

Пандус туралы жазу Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы ескерілген, дегенменде мектепке сырттан кіру жолында кедергі жоқ. Есік тұтқалары төмен орналасқан.

5.7. білім беру ұйымдарының жабдықтармен және жиһаздармен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жабдықталуы туралы мәліметтер

Мектеп оқу жиһаздарымен, парталармен, оқушы үстелдерімен, орындықтармен, сынып тақталарымен, шкафтармен толық жабдықталған. Сонымен қатар мектептің қауіпсіздігін сақтауға байланысты барлық периметр бойынша -8 бейнебақылау камералары

Scanned with CamScanner

орнатылған.Оның 4 мектептің сыртында,4 ішінде орналасқан. Білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейне бақылаулармен қамтамасыз етілген. Барлығы жұмыс жасап тұр.

Мектептегі жиһаздардың жағдайы қанағаттанарлық, жиһаздың таңбалануы және жиһаздың сақталуы түгендеу талаптарына сәйкес келеді. Білім беру ұйымында барлық заманауи талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін ауданы 178.1 $м^2$ спорт залы бар. Мектептегі жиһаздардың жағдайы қанағаттанарлық, жиһаздың таңбалануы және жиһаздың сақталуы түгендеу талаптарына сәйкес келеді.

Барлық оқу жылының басталуына дайындық актілері бар, мектептегі жылыту жүйесі автономды газ отынымен жылытылады, жарықтандыру жүйесі талапқа сәйкес келеді. Мектеп орталық сумен, кәрізбен қамтамасыз етілген. Мектепте санитарлық - гигиеналық режим, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары талаптарға сәйкес сақталған. Өрт сөндіру құралдарының болуы - 4 , өрт сөндіргіштер бар,өрт дабылы орнатылған, қосалқы шығу жері–3,мектептің өртке қарсы дайындық жағдайы қанағаттанарлық, өрт кезінде оқушыларды эвакуациялау жоспары бар.

Жыл сайын мектептің шаруашылық қызметін талдау кезінде аумақты абаттандыруға назар аударылады. Мектеп аумағы көгалдандырылуға сай бөлінген, жаяу жүргінші жолдары бар (брусчатка), мектеп территориясы қоршалған. Спорттық ғимараттар, волейбол алаңы, жүгіру жолы, жасанды жабыны бар шағын футбол алаңы жабдықталған.

5.8. білім алушылар үшін арналған тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер

« Абай негізгі мектебі » КММ -де бейімделген **20** орындық мектеп асханасы жабдықталған.Асхана заманауи талаптарға сәйкес келеді, жиһазбен қамтамасыз етілген, электр пеші бар, қол жууға арналған раковина бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына ((ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.12.2022 № 490 Қағида 108-1-тармақпен толықтырылды). «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 2 оқушы тамақпен қамтамасыз етіледі

Бір балаға Ақтөбе облысының білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мәзір бойынша бір балаға шаққанда 507 теңге көлемінде тамақтандырылады.

Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар.

Берілген уақыты 03.09.2020ж. KZ21UMQ02097146

Тамақтану қызметін жеке кәсіпкер « Сыбаға » көрсетеді. Келісім шарт №1, берілген уақыты 24.03.2023ж.

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер Абай негізгі мектебі КММ

(2022-2023 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)

Scanned with CamScanner

Мектеп 17	Асхана 57.0 кв/м	санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды №D.12.X.KZBS00104163 16.03.2018ж	*№1 Келісім шарт, 24.03.2023 ИП «Сыбаға» 23.09.2020ж.*

6.Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

6.1. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы туралы мәліметтер;

Кітапхана туралы:
Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер берілген. Кітап қоры – 6303 дана, оқу пәні бойынша кітап саны – 3707,білім алушы саны – 37,оқу-әдістемелік-427, көркем-1496 болып қамтамасыз етілген.
2023-2024 оқу жылында барлық кластарда оқулықтар жеткілікті.

6.2. компьютерлік сыныптармен,(шағын жинақталған мектептерді қоспағанда) интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы туралы мәліметтер

2023-2024 оқу жылында Абай негізгі мектебінде қазіргі таңда бір 1 информатика, 1 физика, 1 биология, информатика кабинеттері жұмыс жасайды. Информатика,физика,биология кабинеті оқу жабдықтарымен толық жабдықталған. Информатика кабинеті интерактивті тақтамен жабдықталған.

Информатика кабинеті 12 компьютермен қамтамасыз етілген. Барлық жұмыс жасап тұр. Барлық компьютерлер интернет желісіне қосылған. Интернет желісінің жылдамдығы 20**Мбит/с.** Сонымен қатар ноутбукпен жабдықталған. 2020 оқу жылында мұғалімдер мен білім алушыларға арналған 10 Lenovo,2021 оқу жылы 12 Dill маркалы ноутбуктері пайдалануға берілген.
Барлығы -22 ноутбук, 12 компьютер мектеп қорында тұр.

2023-2024 оқу жылында 12 компьютер,22 ноутбук, 1 интерактивтік тақта оқу-тәрбие процесінде пайдаланып отыр. Жұмыс жасамайтын, жөндеуге жататын компьютерлер жоқ. Бір компьютерге 1 баладан келеді. 2023жылы «Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ мен интернет желісін тарту қызметіне « Globus TeleCom » ЖШС-пен шарт жасалған. Барлық компьютер мен ноутбуктарда бағдарламалық кешен бірге орнатылып келді.

Қорытынды:
Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің 2022жылғы 24қарашадағы №473бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» негізінде біліктілік талаптары сақталған.

7.Білім алушылардың білімін бағалау

14- тармақ.Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

1.ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әр бір білім беру саласы (және

Scanned with CamScanner

оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

Талдау нәтижелері:Оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың дайындық деңгейі «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Бастауыш сыныптарда "Тілжәнеәдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам жәнеқоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру", негізгі орта білім беруде"Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру саласына бірнеше мәндес оқу пәндері біріктірілген. Жалпы орта білім беруде жаратылыстану-математикалық бағытта бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер айқындалған. Әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттары нақтыланған. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексерген, ағымдық бақылау жүргізген. Білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігі көлемінің мазмұнын меңгеру сапасы бағаланып аралық бақылау жасалған. Білімалушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнынының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделген. Аттесттау барысында білім алушылардың бағдарламаны игергендігі анықталған. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген, бақылау жұмыстары алынған, сынып журналдарында көрсетілген. Практикалық және зертханалық, бақылау жұмыстары оқу пәніне байланысты орындалып, білім мазмұны игерілген. Білім беру салаларында тиісінше тыңдалым, айтылым, оқылым жасалған. Білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері бағаланған. Оқу жылдары бойынша талдау жүргізілген оқу кезеңінде оқу жылын аяқтауі с-шара жоспары жасалынған. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында (5-9 сыныптар) жылдық жиынтық бағалау жасалған және оқу жылының қорытындысы бойынша сыныптан-сыныпқа көшірілген.

Оқу жылдары	1-4			5-9		
	озат	екпінді	%	озат	екпінді	%
2021-2022	4	7	44	3	7	66
2022-2023	6	8	63	4	5	60
2023-2024						

Оқу жылдары бойынша 9-сынып бойынша да емтихан кестесі жасалып, бекітілген. Емтихан күндерінің арақашықтығы сақталған. Барлық емтихандар аралығы екі күннен кем емес. Емтихан оқу бағдарламасына сай жүргізілген. Емтихан хаттамалары талапқа сай жазылған, педагогикалық кеңестің хаттамысы бар. 9-сынып білім алушыларына аттестаттаудың қорытындысы бойынша негізгі орта және жалпы білім туралы аттестат берілген.

Оқу жылдары	9 - сынып			
	Түлек саны	Негізгі аттестат	Үздік аттестат	БТ аттестат
2021-2022	5	3	2	
2022-2023	1	1		
2023-2024				

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 32-38-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 47-56-тармақ, 4-қосымша 4-тарау 36-38,42-46-тармаққа сәйкес келеді.

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау

Scanned with CamScanner

өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Талдау нәтижелері: Оқу жылдарындағы сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілгендігі анықталды. Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-9-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау бойынша балдар қойылған. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Оқыту барысында кейбір пәндерден қалыптастырушы бағалау қоры жеткілікті. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Бөлім бойынша жиынтық бағалау 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-9- сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығының 2-тарау,11,16-тармағы,«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 40-44-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 57-60-тармақ сәйкес келеді.

3.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Талдау нәтижелері:Оқу жылында білім беру ұйымында әрбір адамның өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылған. Жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, жеке оқу жоспарымен оқу бағдарламалы дайындалды. Оқу жетістері бағаланып сынып журналдарына түсірілді. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білімалушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілді. Танымдық қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шараларын жүргізген. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастырып, білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз еткен, инварианттық бөлім сақталған. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырған. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуда сараланған деңгейлік тәсіл қолданылған, білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезеңінде есепке алынып, қорытындыланған, Білім беру процесінің барлық кезеңдерінде іске асырылған. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізіліп инклюзивті білім беру талаптарын сақтау шаралары атқарылған.

Scanned with CamScanner

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 4-тарау 55-тармаққа сәйкес келеді.

4.4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Талдау нәтижелері: Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілді. Педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама өткізілді. Сауалнамаға респонденттердің төменінде 98,5% - ы қатысқан.

№	қатысушылар	Қатысушылардың нақты саны	Сауалнамаға қатысқандары		жауаптары			
			саны	пайызы	Толық келісемін	Келісе-мін	Келіспей-мін	Толық келіспеймін
1	Оқушылар		4	100	60	40		
2	Ата-аналар		4	100	20	80		
3	педагогтар		17	100				

Білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4, 9-сыныптардан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу офлайн түрінде өткізілді. Тестілеу кезіндегі пайыздық қатынас бағалау шәкілімен айқындалды, нәтижелері төрт балдық жүйе бойынша бағаланады. Материалдарды зерделеу барысында 4-сыныпта ,9-сыныпта барлығы 93% қатысқан. Тестілік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 90 %-дан жоғары, яғни сәйкес келеді.
Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері (кесінділері)

Р/с №	Сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты Қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны "5"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "2"	Оң бағалар %
1	4	1	1		1			
2	9	3	2		2			
3	барлығы							66,5%

Оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері бойынша контингенттің тізімдік құрамынан дұрыс жауап бергені 4,9- сыныпта 40 %-дан кем емес, яғни білім алушылардың бағасы «қанағаттанарлық» деген өлшемді көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы 4-тармағына,«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 44-тармаққа 3-қосымша 4-тарау 60-тармаққа сәйкес келеді.

Scanned with CamScanner